

## **«Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің паспорты**

Мемлекеттік орган	«Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі
Қызмет алушы	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орыны	1. «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация»); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
Қызмет көрсету ақысы	ақылы
Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3(үш) сағат
«Электрондық үкімет» портал арқылы қызмет көрсету	көрсетілмейді
Мемлекеттік орган арқылы қызмет көрсету	- жеке басты куәландыратын құжат (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін - туу туралы куәлік); - заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат (кәмелетке толмағандар үшін); - қамқоршының жеке басын куәландыратын және қамқоршылықты растайтын құжат (әрекет етуге қабілетсіздік деп сотпен танылған тұлға үшін); - жеке басты куәландыратын құжат (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін - туу туралы куәлік); - заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат (кәмелетке толмағандар үшін); - қамқоршының жеке басын куәландыратын және қамқоршылықты растайтын құжат (әрекет етуге қабілетсіздік деп сотпен танылған тұлға үшін);
«Мемлекеттік корпорация» арқылы қызмет көрсету	- жеке басты куәландыратын құжат (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін - туу туралы куәлік); - заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат (кәмелетке толмағандар үшін); - қамқоршының жеке басын куәландыратын және қамқоршылықты растайтын құжат (әрекет етуге қабілетсіздік деп сотпен танылған тұлға үшін);
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының азаматына диспансерлік есепте тұратыны/тұрмайтыны туралы анықтама беру, тиісті анықталаған жағдайлар кезінде қосымша медициналық қарауға психоневрологиялық диспансерге жіберіледі; денсаулық сақтау ұйымдарында – Қазақстан Республикасының азаматына диспансерлік есепте тұратыны/тұрмайтыны туралы психиатр дәрігердің анықтама беруі, тиісті анықталаған жағдайлар кезінде қосымша медициналық тексеру жүргізіледі

